

Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі

Жібек жолы ауылының мектеп – лицейінің

2023-2024 оку жылының қаңтар айында өткен

педагогикалық кеңесінің

№3 хаттамасы

Күні: 05.01.2024ж.

Катысқандар:

Себепті:

Уақыты: 10:00

Катыспағандар:

Себепсіз:

Тақырыбы: «Құндылыққа негізделген білім»

Күн тәртібінде:

1. №2 педагогикалық кеңестің қаулысының орындалуы
2. 2023-2024 оку жылының 2-тоқсан бойынша білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингісі
3. Мектептің 1 жарты жылдықта біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша атқарылған жұмыстары
4. Әлеуметтік педагогтің жұмысы
5. Педагог-психологтің жұмысы
6. Тәлімгердің жұмыс барысы
7. Кітапхананың жұмыс барысы
8. Ағымдағы жұмыстар

Тындалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ДОІЖО Хакимжанова Кулия Муратхановна сөз алып, №2 педагогикалық кеңестің шешіміне сәйкес жоспарланған жұмыстардың нәтижелі орындалғанын атап өтті. Алайда білім сапасының мониторингіне байланысты төмен нәтиже көрсеткен сыныптарды (7а, 7б, 5ә, 5в, 6ә, 8ә) арнайы бүйрекке сәйкес бақылау әліде жалғасатынын атап өтті.

2. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша оқу ісі орынбасары Хакимжанова Кулия Муратхановна 2023-2024 оқу жылының 2-тоқсан бойынша білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингісімен таныстырыды. 2-тоқсанды 1-11-сынып бойынша 532 окушымен аяқтағанын айта келе, 2-тоқсан бойынша жалпы 2-11-сыныптар арасындағы білім сапасы 56% көрсеткенін айтты. Сонымен қатар әр сыныптың жеке мониторингіне тоқталып өтті. 2-тоқсанда білім сапасы айтарлықтай көтерілгенін жеткізді. Бірақ алдағы уақытта да осымен тоқталып қалмай білімдегі олқылықтарды жою жұмыстарын күшейтіп, үлгермеген окушылармен қосымша жұмыстар жасап, үздік окушылардың қатарын көбейту, 3-тоқсанда да білім сапасын көтеру қажеттігін айтып өтті. Сонымен қатар 2-тоқсанның қорытындысы бойынша төмен нәтиже көрсеткен сыныптарды (7а, 7б, 5ә, 5в, 6ә, 8ә) арнайы бүйрыққа сәйкес бақылау жалғасатынын хабарлады.
3. Келесі кезекте мектептің 1 жарты жылдықта біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша атқарылған жұмыстары туралы ДТІЖО Каршигина А.Т. талдау есебі тындалды. ДТІЖО Каршигина А.Т өзінің талдау есебінде 2023-2024 оқу жылының 1 жарты жылдығында мектепте тәрбие жұмысының жоспары «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына сәйкес құрастырылғанын, сол жоспар негізінде толық жұмыс атқарылғанын айтып өтті. Сонымен қатар мектепте оқу жылының басынан 33 сынып, оның 14-орыс, 19-қазақ сыныптары екенін жеткізді. Окушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру мақсатында мектепте үйірмелер мен секциялар арнайы кестеге сәйкес жұмыс атқарғанына тоқталды. Мектептің тыныс тіршілігін жарияладап отыратын 2 сайт (инстаграмм, фейсбук) бар екенін, осы 2 сайтта 4 айда мектеп өмірінен хабардар ететін 250 жарияланым шыққанын айтып өтті. Сонымен қатар сынып жетекшілердің 1 жарты жылдықта атқарған жұмыстарына тоқталды. Мектепішілік бақылау нәтижесінің 1 жарты жылдықтағы қорытындысына сәйкес 35,2% - сынып жетекші жұмысы өте жақсы деп бағаланса, 28,4% - жақсы, 44,8%-қанағаттанарлық деп бағаланған. Бұл өте төмен нәтиже екеніне назар аударды. 27 сыныптың жетекшісі әлі күнге дейін атқарылған жұмыстардың есебін тапсырмаганын, 5 сынып жетекшісінде тәрбие жұмысының жоспары жоқ екенін, оларға қатаң ескерту жасалатынын айтты. Кейбір сыныптарда бірде-бір ата-аналар жиналышы өткізілмегенін айтып өтті. Жалпы мектепішілік бақылауга сәйкес тәрбие жұмысының 35% бастауыш сынып жетекшілері атқарып жатқанына тоқталып, кейбір мұғалімдерге атқарған жұмыстары үшін алғыс айтылды.

4. Келесі кезекте әлеуметтік педагог Базылканова Жадыра Бауржановнаның жұмысы тыңдалды. Қыркүйек айының басында әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары құрылғанын, жарты жылдықта сол жоспар негізінде жұмыстар атқарылғанына тоқталды. Және атқарылған жұмыстарға нақты тоқталып өтті.
- Атап айтсақ, сынып жетекшілерден оқушылардың тұрмыс жағдайын зерттеу бойынша мәліметтер жиналды. 1 – 11 сынып оқушыларының сынып жетекшілері әлеуметтік жағдайларын біліп, әлеуметтік картасын жасап тапсырды. Әлеуметтік карта бойынша жартылай жетім, көп балалы, толық емес, аз қамтылған, күн көрісі тәмен отбасындағы оқушылар анықталып, тізімдер құрылды. Қыркүйектен бастап мектеп асханасы ашылып, тегін ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі бекітіліп, тізімге сәйкес оқушылар тегін тамақпен қамтамасыз етілді. Атап айтсақ, Қазақстан Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтарындағы №64 қаулысы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және женілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты бойынша Жібек Жолы ауылдың мектеп-лицейінде қазіргі таңда бастаудың 264 окушы тегін ыстық тамақпен мектеп асханасынан қамтамасыз етіліп отыр. Мектеп асханасындағы күнделікті ас мәзірі, тамақтың сапасы, балалардың ыстық тамақ ішуі қадағаланып, күнделікті табельге белгіленіп отырылады. Мектеп асханасының жұмысы арнайы бракераждық комиссиямен бірге үнемі қадағаланып отыратындығын айттып өтті. 2023-2024 оку жылдың қазан айында 1-11 сынып аралығындағы оқушылардан және олардың ата-аналарынан мектеп асханасындағы тамақ сапасына байланысты сауалнама алғынған болатын. Сауалнамада 8 сұрақ қойылған, жалпы 128 жауап келген болатын. Оның ішінде 74 жауап ата-аналардан (57.8%), 54 жауап оқушылардан (42.2%) келді. **Қорытындылай келе**, оқушылар мен ата-аналардан алғынған сауалнама бойынша асханадағы тағамның сапасы, асханадағы тазалық, тамақтану жоспары қанағаттанарлық деңгейде бағаланды. Мектепте ерекше білім беруді қажет ететін 5 окушы бар. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларға 15 пән мұғалімдері білім береді, барлық мұғалім сертификатталған. Жалпы мектепте 55 мұғалімнің 13 педагогі инклюзивті білім беру бойынша курстан өтіп сертификатталған. Яғни ұстаздардың 24 % инклюзивті білім беру бойынша курстан өткенін атап өтті.
5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша мектеп психологы сөз алып, өзінің 1-жарты жылдықта атқарған жұмысына тоқталып өтті. 2023-2024 оку жылдың басында білім беру жүйесінде психологиялық жұмыстарды жүргізу барысында жылдық жоспар құрылғанын айтты.. Жоспар бойынша, психологиялық анықтау

жұмысын жүргізу мақсатында мектептегі әр сыныптың оқушыларының тізімдері, үйден оқитын оқушылардың, педагогикалық ұжымның тізімдері алынып, дарынды оқушылар және агрессивті мінез-құлыққа бейім оқушылар анықталған. Үйден 1 оқушы оқиды. Сонымен қатар, 1, 5-сынып оқушыларының бейімделуіне тоқталып, арнайы өткен сауалнамамен таныстырды.

6. Келесі кезекте аға тәлімгердің атқарған жұмыстарының есебі тындалды. Аға тәлімгер өз есебінде «Өзін-өзі басқару ұйымының», «Мектеп Парламентінің» жұмысына тоқталды. Ең өуелі ДТІЖО мен мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен 11-22 қыркүйекте 8-11-сынып оқушылары арасында Мектеп Президентінің сайлауы өткенін атап өтті. Сайлау нәтижесі бойынша Мектеп Президенті болып Ахатов Алмас сайланды. Ал Жас Ұлан Жас Қыран ұйымының тәрағасы және білім министрі - Ажигов Алихан, Мәдениет министрі – Асхатова Алина, Ақпарат министрі – Мұхтар Аяна, Психология және тәртіп министрі – Қадирхан Айару, Еріктілер министрі болып Әділбек Талшын сайланды. Осы ұйымдар бірлесе отырып 1 жарты жылдықта көптеген іс-шаралар өткізгеніне тоқталып өтті. Атап айтсақ, қарттар күніне орай «Қарттарым қазынам», ұстаздар күніне орай «Дублер күні», Республика күніне орай «Республика күнімен!», «Республика күні қандай күн?» тақырыбында бейнероликтер, сонымен қатар «Таза бейсенбі», «Біз темекіге қарсымыз!» сияқты т.б. да ұйымдастырылған іс-шараларға кеңінен тоқталып өтті.
7. Кітапхананың жұмыс барысымен таныстыру үшін кітапханаши сөз алды. Өз талдау есебінде атқарылған жұмыстарға тоқталды. Атап айтсақ, 2023 жылдың 18-30 қыркүйек күндері аралығында 2 «Б» сыныбы, 2 «В» сыныбы, 4 «Ә» сыныптарының оқушылары мен ұстаздары кітапханаға саяхатқа келді. 2023 жылдың 11-15 қыркүйек күндері «Тілдер әлемінде» кітаптар көрмесі өтті. Көрмеге мұғалімдер мен сынып оқушылар қатысты. 2023 жылдың 5 қазан күні оқушылар ұлағатты ұстаздарға арнап бейне-құттықтау түсірді. 2023 жылдың 20-25 қазан күндері «Республика күніне арналған «Қазақтың салт-дәстүрлері» кітап көрмесі өтті. 2023 жылдың 16 қараша күні 4 «Б» сыныбында кітапханада «Кітап тарихы» атты кітапхана сабағы сияқты көптеген іс-шаралар өткізілген. Кітапханада «Жаңа әдеби кітаптар», «Ертегілер елінде», «Әлем таныған Абай», «Балаларға базарлық», «Жақсы кітап жан азығы», «Көркем әдебиеттүр», «Білім көзі кітапта» атты әр түрлі бөлімде сөрелер ұйымдастырылғанына тоқталып өтті.
8. ДОІЖО Хакимжанова Кулия Муратхановна сөз алып, биылғы жылды алғаш рет ұйымдастырылып жатқан қазақ тілі пәнінен өтетін аралық аттестаттауға

тоқталып өтті. Және де емтихан үйымдастыру және өткізудің ЖОЛ КАРТАСЫН «Жібек жолы ауылның мектеп-лицейі» КММ-де іске асыру бойынша жұмыс жоспарымен таныстырды.

Педагогикалық кеңестің қаулысы:

1. Білім сапасын бойынша төмен нәтиже көрсеткен сыйыптарға қатаң бақылау қойылып, арнайы бұйрық негізінде сабактарға қатыстырылсын;
2. Тәрбие жұмысы бойынша уақытылы жұмыс атқармаған сыйып жетекшілерге ауызша ескерту берілсін және сыйып сағаттарының өтілуі бақылауға алынсын;
3. Әр өткізілген іс-шараның, байқаудың қорытындысы жасалып, марапаттау уақытылы жүргізілсін;
4. Алдағы уақытта тәрбие апталығын өткізу қарастырылсын;
5. Әлеуметтік педагогтың, мектеп психологының жұмысы қанағаттанарлық деп табылсын;
6. «Окуға құштар мектеп» жобасы бойынша 8-минуттық оқу жалғастырылсын және кітапханашының бақылауында болсын;
7. «Қазақ тілі» пәнінен аралық аттестаттауға дайындық жоспар бойынша жүргізілсін.



Кеңес төрағасы:
Хатын:

A. T. Каршигина А.Т

Erlan

Ерлан А.